V МОДУЛЬ
ӘКІМШІЛІК
ІС ЖҮРГІЗУ

# 4-сабақ
# Тану туралы әкімшілік талап қою

## 1. Тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

жүгіну
бас тарту
тану туралы
зардап шегу
үстемеақы
тиісті орган
зейнетақы
алу құқығы
тағайындалған
облыстық мұрағат
зейнеткерлік жас
әлеуметтік қорғау
айлық есептік көрсеткіш
радиациялық қауіпті аймақ

## 2. Тыңдаңыз және жазыңыз.

_____ жас
_____ орган
_____ құқығы
_____ көрсеткіш
_____ бас тарту
_____ шегу
_____ қорғау
_____ туралы
_____ мұрағат
_____ аймақ

## 3. Сәйкестендіріңіз.

| | |
|---|---|
| облыстық | тарту |
| тану | қорғау |
| бас | құқығы |
| әлеуметтік | мұрағат |
| алу | туралы |
| зейнеткерлік | жас |
| зардап | қауіпті аймақ |
| радиациялық | есептік көрсеткіш |
| айлық | шегу |
| тиісті | орган |
| үстемеақы | |

## 4. Тиісті сөздерді жазыңыз.

| | | |
|---|---|---|
| 1. облыстық | f | a. туралы |
| 2. әлеуметтік | | b. есептік көрсеткіш |
| 3. үстемеақы | | c. құқығы |
| 4. тиісті | | d. қорғау |
| 5. бас | | e. жас |
| 6. зардап | | f. мұрағат |
| 7. зейнеткерлік | | g. алу |
| 8. айлық | | h. қауіпті аймақ |
| 9. тану | | i. шегу |
| 10. алу | | j. орган |
| 11. радиациялық | | k. тарту |

## 5. Тыңдаңыз және жазыңыз.

| -ған | -ген | -қан | -кен |
|---|---|---|---|
| | | | |



LIVEWORKSHEETS

## 6. Тыңдаңыз және жазыңыз.

Талап қоюшы:
ЖСН
Мекенжайы:
Байланыс телефоны:
Жауапкер:
Мекенжайы:
Байланыс телефоны:

## 7. Берілген етістіктерді III жақта жазыңыз.

| | |
|---|---|
| тағайындадым | тағайындады |
| жүгіндім | |
| құқығым бар | |
| жұмыс істедім | |
| зардап шектім | |
| тұрғанмын | |
| тудым | |
| сұраймын | |
| бас тарттым | |

## 8. Тыңдалым бойынша сәйкестендіріңіз.

Қарағанды облысы мамандандырылған
ЖСН 601010450211,
Мекенжайы:
Жауапкердің телефоны
Талап қоюшы:
Талап қоюшының телефоны: 87014502121
Жауапкердің мекенжайы:
Жауапкер:

Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Қазыбек ауылы, Абай көшесі, 1-үй,
ауданаралық әкімшілік сотына
Қарағанды облысы бойынша еңбек және әлеуметтік қорғау департаменті
Қарағанды қаласы, Ермеков көшесі, 73-үй
Байланыс телефоны: 43-30-77
Қасымова Базаргүл,

## 9. Аудармасымен сәйкестендеріңіз.

1 талап-арыз
2 жеке куәлігі
3 мемлекеттік баж салығы
4 арыз көшірмесі
5 мұрағат жауабының көшірмесі
6 пошта түбіртегі

( )
( )
(1)
( )
( )
( )



LIVEWORKSHEETS

## 10. Мәтінді тыңдаңыз, бос орынды толықтырыңыз. Оқыңыз.

Зейнеткерлікке шығуыма байланысты тиісті орган зейнетақы тағайындады.

Қазақстан Республикасының ________ жылғы ________ желтоқсан «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңының ____________ сәйкес осы заңның ________баптарында көрсетілген аймақтарда тұрып жатқан және ________ жылғы _______ қаңтарға дейін зейнеткерлікке шыққан азаматтардың зейнетақыға радиациялық қауіпті аймақ бойынша төменгі ______ айлық есептік көрсеткіш, ең жоғары радиациялық қауіпті аймақ бойынша айлық есептік көрсеткіш мөлшерде үстемеақы алуға құқығы бар.

## 11. Мәтін бойынша сәйкестендіріңіз.

| | |
|---|---|
| зейнеткерлікке | сәйкес |
| ядролық | көрсеткіш |
| зардап | республикасының |
| Қазақстан | қорғау |
| есептік | шығуыма байланысты |
| бабына | алуға |
| әлеуметтік | шыққан |
| үстемеақы | сынақ |
| зейнеткерлікке | шеккен |
| құқығы | бар |

## 12. Мәтін бойынша толықтырыңыз.

1. Зейнеткерлікке шығуыма байланысты тиісті орган зейнетақы ______________

берді | тағайындады | аударды

2. Ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан ______________________________ .

болды | тағайындады | зардап шеккен

3. Зейнеткерлікке шыққан азаматтардың радиациялық қауіпті аймақ бойынша ________________________2,9 айлық есептік көрсеткіш.

төменгі | орта | жоғары

4. Ең _______________ радиациялық қауіпті аймақ бойынша 1,83 айлық есептік көрсеткіш мөлшерде

төменгі | орта | жоғары



LIVEWORKSHEETS

Қарағанды облысы маманданқырылған
ауданаралық әкімшілік сотына
**Талап қоюшы:** Қасымова Базаргүл,
ЖСН 601010450211,
**Мекенжайы:** Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы,
Қазыбек би ауылы, Абай көшесі, 1-үй,
**Байланыс телефоны:** 87014502121
Жауапкер: Қарағанды облысы бойынша еңбек және
әлеуметтік қорғау департаменті
**Мекенжайы:** Қарағанды қаласы, Ермеков көшесі, 73-
үй
**Байланыс телефоны:** 43-30-77

## ӘКІМШІЛІК ТАЛАП ҚОЮ

Зейнеткерлікке шығуыма байланысты тиісті орган зейнетақы тағайындады.

Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсан N 1787-XII «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңының 13-бабына сәйкес осы заңның 5 және 6-баптарында көрсетілген аймақтарда тұрып жатқан және 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін зейнеткерлікке шыққан азаматтардың радиациялық қауіпті аймақ бойынша – 2,09 айлық есептік көрсеткіш, ең жоғары радиациялық қауіпті аймақ бойынша – 1,83 айлық есептік көрсеткіш мөлшерде үстемеақы алуға құқығы бар.

Осыған байланысты, тағайындалған зейнетақыма аталған үстемеақы алу мақсатында халыққа қызмет көрсету орталығына зардап шеккен тұлғаның куәлігін алу үшін сұраныс бердім.

Себебі, мен Шығыс Қазақстан Абай ауданында Сарысу ауылында туып өстім, 17 жасқа дейін тұрғанмын, одан кейін оқу бітіріп 1981-94 жылдар аралығында Ленин совхозында қойма меңгеруші болып жұмыс істедім.

Бірақ, растайтын құжаттар болмағандықтан, зардап шеккен тұлғаның куәлігі берілмеді. Осыған байланысты, зейнетақыма үстемеақы қосудан жауапкер бас тартты.

Сол ауылда туылғаным және тұрғаным туу туралы куәлікпен және жерлестерімнің жауаптарымен расталады, ал 1985-1994 жылдары жұмыс істеген фактіні растайтын құжаттардың жоғалуына байланысты соттан тыс сұрақты шешуге мүмкін болмай тұр.

Осыған байланысты, Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азамат ретінде зейнетақыға үстемеақы алу құқығын тану туралы сот шешімін шығаруыңызды сұраймын.

**Талап қоюшы:** ________________ 10.07.2021ж.

**Қосымша:**
талап арыз 3 дана;
жеке куәлігі;
мемлекеттік баж салығы;
арыз көшірмесі;
мұрағат жауабының көшірмесі;
пошта түбіртегі.



LIVEWORKSHEETS